

Мемлекеттік қызметшілердің біліктілік сыныптары туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 12 шілде N 3055. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1999.12.29. N 318 жарлығымен. ~U990318

"Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын U952730_ іске асыру мақсатындағы шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 2731 N952731_ өкіміне (Қазақстан Республикасы Жоғарғы

Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж, N 24, 170-құжат) сәйкес қаулы етемін:

1. Мемлекеттік қызметшілердің біліктілік сыныптары туралы ереже (қоса беріліп отыр) бекітілсін.
2. Осы Жарлық 1996 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1996 жылғы 12 шілдедегі
N 3055 Жарлығымен
бекітілген

Мемлекеттік қызметшілердің біліктілік
сыныптары туралы
Ереже

1. Осы Ереже мемлекеттік қызметшілерге біліктілік сыныптарын берудің, төмендетудің, одан айырудың, өзге мемлекеттік лауазымдарға ауысқан кезде оларды сақтаудың тәртібі мен шарттарын белгілейді.

2. Мемлекеттік қызметшілерге біліктілік сыныптарын тағайындау кәсіптік білімі, мемлекеттік қызмет стажы, мамандығы бойынша стажы мен жұмыс тәжірибесі, алып отырған тиісті санаттағы мемлекеттік қызметі бойынша лауазымдық міндеттерді орындауға қолданылатын Қазақстан Республикасының заңдарын білуі жөніндегі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік қызмет атқарып отырған мемлекеттік қызметшілерге

мынадай біліктілік сыныптары тағайындалуы мүмкін:

жоғары санатқа жатқызылған лауазымдағы мемлекеттік қызметшілерге - жоғары, 1 және 2-сыныптар;

бірінші санатқа жатқызылған лауазымдағы мемлекеттік қызметшілерге - 3 және 4-сыныптар;

екінші санатқа жатқызылған лауазымдағы мемлекеттік қызметшілерге - 5 және 6-сыныптар;

үшінші санатқа жатқызылған лауазымдағы мемлекеттік қызметшілерге - 7 және 8-сыныптар;

төртінші санатқа жатқызылған лауазымдағы мемлекеттік қызметшілерге - 9 және 10-сыныптар;

бесінші санатқа жатқызылған лауазымдағы мемлекеттік қызметшілерге - 11 және 12-сыныптар;

алтыншы санатқа жатқызылған лауазымдағы мемлекеттік қызметшілерге - 13 және 14-сыныптар;

жетінші санатқа жатқызылған лауазымдағы мемлекеттік қызметшілерге - 15 және 16-сыныптар.

Осы тармақта аталған біліктілік сыныптарына қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті өзгертулер енгізеді.

4. Әскери және өзге атақтары, сыныптық шендері, дипломатиялық дәрежелері бар мемлекеттік қызметке ауыстырылған (іссапарға жіберілген) адамдарға мемлекеттік қызметшінің тиісті сыныбы беріледі, бұрын тағайындалған атақтар, шендер мен дәрежелер сақталады.

Мемлекеттік қызметші сыныптық шен немесе дипломатиялық дәреже берілген мемлекеттік органнан басқа мемлекеттік органға ауысқан кезде бұрын тағайындалған сыныптық шені мен дипломатиялық дәрежесі және ол үшін көзделген төлемдер алып отырған мемлекеттік лауазымы бойынша белгіленген

тәртіппен тиісті біліктілік сыныбы берілгенге дейін сақталады.

5. Мемлекеттік қызметшілердің біліктілік сыныптары мемлекеттік қызметшілердің кәсіби даярлық деңгейінің мемлекеттік қызметтің тиісті санаттарына қойылатын біліктілік талаптарына лайықтылығын көрсетеді.

Жоғары, бірінші және екінші санаттағы мемлекеттік қызметшілерге біліктілік сыныптары атқарып отырған қызметіне, кәсіби біліктілік деңгейі мен жұмыс нәтижелеріне сәйкес беріледі.

Үшінші - жетінші санаттағы мемлекеттік қызметшілерге кезекті біліктілік сыныптары аттестация нәтижелері бойынша беріледі.

6. Қазақстан Республикасының Президенті жоғары, 1, 2, 3 және 4 біліктілік сыныптарын, сондай-ақ Республиканың Орталық сайлау комиссиясы Төрағасы орынбасарының, хатшысы мен мүшелерінің лауазымдарына сәйкес біліктілік сыныптарын береді.

7. Мемлекеттік қызметке алған кезде қызметшілерге лауазымдардың тиісті санаттарының шегінде біліктілік сыныптары беріледі.

Лауазымдардың тиісті санаттарының шегінде кезекті біліктілік сыныбын беру үшін мемлекеттік қызметші атқарып отырған қызметінде кемінде екі-үш жыл мінсіз жұмыс істеуге тиіс.

Аса жауапты тапсырмалар орындағаны үшін мемлекеттік қызметшіге лауазымдардың тиісті санаттарының шегінде кезекті біліктілік сыныбы мерзімінен бұрын тағайындалуы мүмкін.

Берілген біліктілік сыныбы мемлекеттік қызметшіде сақталып қалады.

Кезекті біліктілік сыныбы мемлекеттік қызметшінің бастамашылығымен өткізілген аттестация нәтижелері бойынша кейін басқа қызметке ауыстырмай-ақ берілуі мүмкін.

8. Мемлекеттік қызметшілердің өздеріне жүктелген міндеттерді орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны, лауазымдық өкілеттігін асыра пайдаланғаны, мемлекеттік және еңбек тәртібін бұзғаны, сонымен қатар "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлығындағы мемлекеттік қызметте болуға байланысты белгіленген шектеулерді орындамағаны үшін мемлекеттік қызметшіге кезекті біліктілік сыныбын беру бір жылға дейінгі мерзімге кідірілуі мүмкін.

Егер мемлекеттік қызметші аттестация нәтижелері бойынша атқарып отырған қызметіне лайықсыз деп танылса, тиісті мемлекеттік органның басшысы оның біліктілік сыныбын төмендете алады.

9. Мемлекеттік қызметшінің қызметтік тізімінде (еңбек кітапшасында) тиісті біліктілік сыныбын беру, өзгерту мен одан айыру туралы жазылып отырады.

10. Лауазымдардың тиісті санаты бойынша сынып белгілеу туралы ұсынысты мемлекеттік қызметшінің тікелей басшысы 1-қосымшаға сәйкес енгізеді,

мемлекеттік қызметші кейін онымен таныстырылады.

Мемлекеттік органның кадр қызметі берілген біліктілік сыныптарын 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепке алуды жүзеге асырады.

Сынақ мерзімі біткенге дейін мемлекеттік қызметшіге кезекті біліктілік сыныбы берілмейді.

Республика Президенті беретін біліктілік сыныптарынан басқа, біліктілік сыныптарын мемлекеттік қызметшіні тиісті лауазымға тағайындаған мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар береді.

Мемлекеттік қызметшіні біліктілік сыныбынан оған осы сыныпты

берген мемлекеттік орган немесе лауазымды адам заңдарда белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша айыруы немесе сыныбын төмендетуі мүмкін.

11. Осы Жарлық күшіне енгізілгенге дейін тиісті санаттағы мемлекеттік қызметті атқарып отырған мемлекеттік қызметшіге біліктілік сыныбын беру осы Ереженің 5-тармағында көзделген тәртіппен аттестациядан өткізілмей-ақ жүзеге асырылады.

12. Біліктілік сыныбы үшін мынадай ай сайынғы қосымша ақы мөлшері белгіленеді:

Берілген сынып Лауазымдық жалақыға қосымша ақының проценттік мөлшері	
Жоғары	80
1	70
2	65
3	63
4	58
5	55
6	50
7	45
8	43
9	38
10	35
11	33
12	28
13	23
14	18
15	15

13. Біліктілік сыныбы үшін қосымша ақы мемлекеттік қызметшінің орташа жалақысын есептегенде ескеріледі.

14. Мемлекеттік қызметшіге біліктілік сыныбын беруге, төмендетуге және одан айыруға байланысты даулар заңдарда белгіленген тәртіппен шешіледі.

1-қосымша

Біліктілік сыныбын беру туралы Ұсыныс

(тегі, аты, әкесінің аты)

Атқарып отырған қызметі _____

(лауазым мен басқару органының

толық атауы)

Туған күні (күні, айы, жылы) _____

Білімі _____

(қашан және қай оқу орнын бітірді)

Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы _____

Наградалары, құрметті атақтары _____

Атқарып отырған қызметінде _____ бастап
(күні, айы, жылы)

істейді.

Жұмыс стажы: жалпы _____ оның ішінде мемлекеттік
қызметте _____

Біліктілік сыныбы бар _____

(қандай лауазым бойынша, берілген күні)

_____ біліктілік сыныбын беруге ұсынылып отыр,
Біліктілік сыныбын
беруге негіздеме

(қызметшіні босату туралы
шешім қабылдаған органның
атауы және құжат нөмірі)

(карточка түзген
адамның қолы)